

А.Б. Әлішерова^{1*}, Ж.М. Төлен², Г.К. Курпебаева³

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан

²«Тұран» университеті, Алматы қ., Қазақстан

³Абылай хан атындағы қазақ халықаралық қатынастар

және әлем тілдері университеті, Алматы қ., Қазақстан

*e-mail: alisherovva@gmail.com

ҚР САЙЛАУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ПАРТИЯЛАРДЫҢ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНДАҒЫ ЖАСТАР МӘСЕЛЕСІ (2021, 2023 ЖЫЛДАРДАҒЫ ПАРЛАМЕНТ САЙЛАУЫ)

ҚР мәжілісіне өткен партиялар мен депутаттар сайлауына қатысушылардың бағдарламалық құжаттарындағы жастар мәселелерінің жалпы көрінісі талданады. Зерттеу барысында саяси партиялар жастардың мүдделерін тиісті түрде ескермегендігі анықталды. Саяси партиялардың жастардың мәселелерін ескеруден бас тартуы саяси апатияға, наразылықтың артуына әкеліп соғады. Партиялар әлеуметтік саясатты дамыту теориялары негізінде білім беру, жұмыспен қамту, тұрғын үй және әлеуметтік қызметтер сияқты жастар мәселелерін шешуге бағытталған нақты стратегияларды жасау арқылы жастардың сайлауда қолдауына ие болу мүмкіндіктері бар. Алайда, Қазақстанда 2021 жылы және 2023 жылы өткен сайлауда партиялардың сайлауалды бағдарламаларында жастардың мәселелері толық қамтылмаған.

Бұл зерттеу аясында 2021 жылы және 2023 жылы сайлауға қатысқан партияларының бағдарламаларына салыстырмалы талдау, партиялар құжаттарындағы мәтіндерді мазмұнды талдау, бағдарлама ішіндегі жастар және олардың мәселелеріне байланысты қолданылатын сөздер мен ұғымдарға контент-талдау, мәтін ішінде “жастар” сөзіне сандық анализ, партиялардың бағдарламаларына өзара салыстырмалы талдау сияқты зерттеу әдістері қолданылады.

Зерттеу жұмысының қорытындысына сәйкес 2021 және 2023 жылғы Қазақстан Республикасының Мәжілісіне өткен партиялар ішінде Аманат (бұрынғы Нұр Отан) партиясынан басқа партиялар өздерінің сайлауалды бағдарламаларында жастардың мәселесін шешуге фокус қоймағандары белгілі болды. Аманат партиясы жастардың басты мәселелерін атап өтіп, оларды шешу керектігін ескерген, бірақ барлық мәселелерін жіті баяндамаған. Сондай-ақ, “жастар” сөзін көп қолданған жалғыз партия екендігі анықталды. Жалпы, жастардың мәселелерін көп қамтыған Аманат партиясы болса, ҚХП партиясы жастардың басты 2 проблемасын шешу бойынша нақты қадамдар ұсынған. Қалған партиялар тек декларативтік сипаттағы шараларды ұсынады.

Түйін сөздер: жастардың мәселелері, партиялар, саяси реформалар, сайлауалды бағдарлама, сайлау жүйесі.

A.B. Alisherova^{1*}, Zh.M. Tolen², G.K. Kurpebayeva³

¹Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

²Turan University, Almaty, Kazakhstan

³Ablai khan University of International Relations

and World Languages, Almaty, Kazakhstan

*e-mail: alisherovva@gmail.com

Youth issues in the programs of parties in the electoral system of the Republic of Kazakhstan (Parliamentary elections in 2021, 2023)

The general picture of youth problems in the program documents of participants in the elections of deputies and parties held in the Majilis of the Republic of Kazakhstan is analyzed. The study found that political parties improperly ignored the interests of young people. The refusal of political parties to take into account the problems of youth leads to political apathy and an increase in discontent. Parties have the opportunity to enlist the support of young people in elections by developing specific strategies aimed at solving youth problems such as education, employment, housing and social services, based on theories of social policy development.

Within the framework of this study, such research methods are used as a comparative analysis of the programs of the parties that participated in the elections in 2021 and 2023, a meaningful analysis of texts in party documents, a content analysis of words and concepts used in the Youth program and

their problems, a quantitative analysis of the word “youth” in the text, a mutual comparative analysis of programs parties.

According to the results of the research work, it became known that among the parties that passed the Majors of the Republic of Kazakhstan in 2021 and 2023, except for the Amanat party (formerly Nur Otan), they did not pay attention to solving youth problems in their election programs. The Amanat party noted the main problems of youth, took into account that they need to be solved, but did not voice all the issues. It was also discovered that this was the only party that often used the word “youth”. In general, the Amanat party, which has covered the problems of youth a lot, proposed concrete steps to solve the 2 main problems of youth. The other parties propose only declarative measures.

Key words: youth problems, parties, political reforms, election program, electoral system.

А.Б. Алишерова^{1*}, Ж.М. Толен², Г.К. Курпебаева

¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан

²Университет «Туран», г. Алматы, Казахстан

³Казахский университет международных отношений
и мировых языков имени Абылай хана, г. Алматы, Казахстан

*e-mail: alisherova@gmail.com

Проблема молодежи в программах партий в избирательной системе РК (Парламентские выборы 2021, 2023 годов)

Анализируется общая картина проблем молодежи в программных документах участников выборов депутатов и партий, прошедших в Мажилис РК. В ходе исследования было установлено, что политические партии ненадлежащим образом игнорировали интересы молодежи. Отказ политических партий учитывать проблемы молодежи приводит к политической апатии, росту недовольства. Партии имеют возможность заручиться поддержкой молодежи на выборах, разработав конкретные стратегии, направленные на решение молодежных проблем, таких как образование, занятость, жилье и социальные услуги, на основе теорий развития социальной политики. Однако на выборах 2021 года и 2023 года в Казахстане в предвыборных программах партий не полностью освещены вопросы молодежи.

В рамках данного исследования используются такие методы исследования, как сравнительный анализ программ партий, принявших участие в выборах в 2021 и 2023 годах, содержательный анализ текстов в партийных документах, контент-анализ слов и понятий, используемых в программе Молодежи и их проблем, количественный анализ слова “молодежь” в тексте, взаимный сравнительный анализ программ партий.

По итогам исследовательской работы стало известно, что среди партий, прошедших в 2021 и 2023 гг. на Мажор Республики Казахстан, кроме партии Аманат (ранее Нур Отан), в своих предвыборных программах не уделяли внимания решению проблем молодежи. Партия Аманат отметила главные проблемы молодежи, учла, что их нужно решать, но не озвучила все вопросы. Также было обнаружено, что это единственная партия, которая часто использовала слово “молодежь». В целом, партия Аманат, которая много освещала проблемы молодежи, предложила конкретные шаги по решению 2 главных проблем молодежи. Остальные партии предлагают только меры декларативного характера.

Ключевые слова: проблемы молодежи, партии, политические реформы, предвыборная программа, избирательная система.

Кіріспе

Жастар-қоғамның басты дамытушы күші болып табылады. Демографиялық тұрғыдан алатын болсақ, әлемнің көптеген елдерінде, тіпті Қазақстанда да жастардың үлесі жоғары (Демографические изменения//ООН, 2023). Демографияның өсу мәселесінде жастардың үлесін елеусіз қалдыруға болмайды. Сонымен қатар, жастар экономика мен еңбек нарығының басты дамытушы күші болып табылады.

“Саяси партиялар туралы” Қазақстан Республикасының заңнамасында “саяси партия”

ұғымына мынадай анықтама берілген. Саяси партия – мемлекеттік биліктің, жергілікті өзін-өзі басқарудың өкілді және атқарушы органдарында олардың мүдделерін білдіру және оларды қалыптастыруға қатысу мақсатында азаматтардың, түрлі әлеуметтік топтардың саяси ерік-жігерін білдіретін Қазақстан Республикасы азаматтарының ерікті бірлестігі (2023 жылғы мәжіліс сайлауының ресми нәтижесі, 2023). Сәйкесінше, жастар жеке әлеуметтік топ ретінде қарастырылатын болса, саяси партиялар олардың мүдделері мен қызығушылықтарын үкіметте білдіргені дұрыс болар еді.

2023 жылы наурыз айында жалпы 7 саяси партия ресми тіркеліп, 5%-дан аса дауыс жинаған партиялар мәжіліске өту және депутаттыққа өз кандидаттарын ұсыну құқығына ие болды. 2021 жылға дейін ҚР Парламент Мәжілісіне өту шегі 7% болатын. Алайда, Қасым-Жомарт Тоқаев 2021 жылғы 15 Қаңтарда VII сайланған ҚР Парламентінің бірінші сессиясының ашылуында қазақ қоғамының саяси модернизациясы үшін басты атқарылу керек шараларын атап, саяси реформалардың 3-ші пакетін жариялады. Ол жерде саяси партиялар үшін Парламент Мәжілісіне өту шегін 7%-дан 5%-ға дейін төмендету бастамасы ұсынылды. Осы реформаны жүзеге асыру аясында, 2023 жылы өткен сайлауда жеті партияның алтауы Парламентке кіру үшін қажетті бес пайыздық кедергіні еңсере алды. Қорытындыға сәйкес, дауыстар келесідей бөлінді: Amanat партиясы – 53,9%; «Ауыл» халықтық-демократиялық патриоттық партиясы – 10,9%; «Respublica» партиясы – 8,59%; Қазақстан халық партиясы – 6,8%; «Ақ жол» Қазақстанның демократиялық партиясы – 8,41%; Жалпыұлттық социал-демократиялық партия – 5,2%; Қазақстанның «Байтақ» жасылдар партиясы – 2,3%; Барлығына қарсымын – 3,9% (Powell N, 2023). Бұл әртүрлі саяси көзқарастары бар көппартиялы өкілді орган құрды. Бір жыл ішінде бес референдум мен сайлау науқандары өтіп өзгерістер қарқыны ерекше болды деуге болады. Конституциялық түзетулер мен реформалардың арқасында қазақстандық қоғамда жаңа азаматтық және саяси мәдениет қалыптасты (Schlesinger, J., Schlesinger, M., 2006).

Зерттеудің мақсаты-жастардың қажеттіліктерін ескере отырып, олардың 2023 жылдың 19 наурызында сайланған саяси партиялардың сайлауалды құжаттарында қаншалықты қамтылғандығын зерттеу. Қойылған мақсатқа жету үшін автор: а) сапалы зерттеулер нәтижелері негізінде жастар мәселелерін талдау («Қазақстан жастары-2022» ұлттық баяндамасы); б) саяси партиялардың сайлауалды бағдарламаларындағы жастарға арналған бөлімін талдау.

Партиялардың сайлауалды бағдарламалары жастардың мүдделері мен өзекті мәселелерін шешуді қарастырмаған. Жастардың мәселелері елеусіз қалса және олар шешілмесе бұл жастардың наразылық әлеуетін арттырады және саяси апатияға әкеліп соғады деген зерттеу гипотезасы ұсынылады. Жастардың саяси мәдениетінің төмен болуының бірден бір себебі осы болуы мүмкін деген тұжырым жасауға болады. 2021 жылғы сайлауда жастардың мәселелерінің шешімі та-

былмағандықтан 2022 жылы “Қаңтар оқиғасы” орын алған.

Теориялық негіздемесі мен зерттеу әдісі

Саяси партиялар мемлекетте билік ету, насихаттау және басқару құралдары ретінде әрекет етіп, демократиялық жүйелерде шешуші рөл атқарады. Партиялық жүйелердің динамикасын, жіктелуін және жұмыс істеуін түсінуге ықпал ететін бірқатар шетелдік ғалымдарың ғылыми жұмыстарын атап өтуге болады. Партиялық жүйелер теориясының негізін қалған француз әлеуметтанушысы Морис Дюверженің “Саяси партиялар” (1951) атты жұмысы деп айтуға болады. Ол екі партиялы жүйелер, көп партиялы жүйелер және олардың сайлау жүйелеріне деген көзқарасы, әртүрлі сайлау жүйелерінің партиялар санын қалай қалыптастыратынын талқылайды. Билікті жүзеге асырудың үстемдігін, партиялардың ауысып отыруы сияқты формаларын және оппозиция функциясын арнайы зерттейді. Партиялық жүйелердің егжей-тегжейлі типологиясын енгізу арқылы әртүрлі партиялық жүйелерді жіктеу және талдау, «шектелген плюрализм», «шектен шыққан плюрализм» және «бөлшектенген жүйе» сияқты ұғымдарды Дж. Сарторидің (1976: 368) жұмыстарынан байқауға болады. Р. Катц пен П. Мэйр (1993: 61) әртүрлі партиялық жүйелердегі саяси партиялардың ішкі ұйымы мен құрылымдарына бағытталған зерттеу жүргізген. Партиялық ұйымдардың әртүрлі саяси жағдайларда қалай жұмыс істейтіні және бейімделетіні туралы баяндайды. Л. Морлино (2005: 743) партиялық жүйелер мен жалпы саяси процесс арасындағы байланысты зерттеп, партиялық жүйелердің демократиялық институттарды басқаруға, өкілдікке және жұмыс істеуге әсерін талдайды (Muscok A., Tonge J., 2011).

Саяси партиялар сайлаушылардың қалауын, идеологиялық позициясын, сайлаудағы бәсеке-лестігін және мәселені шешу динамикасын ескере отырып, өздерінің сайлауалды бағдарламаларын дайындайтыны белгілі. Бұл туралы көптеген шетел ғалымдары өз жұмыстарында баяндайды. Саяси партиялардың сайлауалды бағдарламаларына жастардың мәселелерін қосу және шешу бірнеше теориялар мен ойларды қамтиды.

Партиялар жастардың саясатқа белсенді қатысуын ынталандыру үшін өздерінің сайлауалды бағдарламаларына жастарға бағытталған саясатты енгізе алады. Қазіргі таңда шетелдік, соның ішінде ресейлік және қазақстандық сая-

саттанушы ғалымдары цифрландыру дәуіріндегі жастардың саяси қатысуын зерттеу үстінде.

Партиялар әлеуметтік саясатты дамыту теориялары негізінде білім беру, жұмыспен қамту, тұрғын үй және әлеуметтік қызметтер сияқты жастар мәселелерін шешуге бағытталған нақты стратегияларды жасау арқылы жастардың сайлауда қолдауына ие болу мүмкіндіктері бар. Партиялар жастардың дауыстарына үміт артып өздерінің сайлауалды бағдарламаларына жастарға бағытталған іс-шараларын стратегиялық түрде енгізе алады. Майкок А. және Тонг Дж. (2011: 138) жұмысында партиялардың белгілі бір демографиялық топтарға, соның ішінде жас сайлаушыларға бағытталған тәсілдері талқыланады. Осы тақырып бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізіп жүрген Ресейдің Г. Юдин, Е.Омельченко, Е.Бороздина, В.Гельман және т.б. сияқты әлеуметтанушы мен саясаттанушы ғалымдарын атап өтуге болады. Әртүрлі ғалымдардың жұмысы әлеуметтік, саяси және стратегиялық факторларды зерттей отырып, саяси партиялар өздерінің сайлауалды бағдарламаларында жастардың мәселелерін қалай және не себепті қамтуы керек, немесе не себепті елемей мүмкін екенін айқындап береді.

Қазақстандағы сайлау жүйесі және партиялар жайлы зерттеген ғалымдардың ішінде Асыллов Куаныштың “Политические партии современного Казахстана” еңбегін атап өтуге болады. Бұл еңбекте автор партиялардың тарихына шолу жасап, олардың құжаттарына сапалық талдау жүргізеді (2018) А.Н. Бурова, С.В. Ведяшкин, Д.В. Сенникова, Э.С. Юсубов, А.А. Макарецтың “Современные избирательные системы” еңбегінде Қазақстан жайлы бөлігінде еліміздің қазіргі сайлау жүйесі жайлы баяндалады (2023).

Партиялардың сайлауалды бағдарламалық құжаттарын зерттеу барысында мәтіндерді мазмұнды талдау, бағдарлама ішіндегі жастар және олардың мәселелеріне байланысты қолданылатын сөздер мен ұғымдарға контент-талдау, мәтін ішінде “жастар” сөзіне сандық анализ, партиялардың бағдарламаларына өзара салыстырмалы талдау сияқты зерттеу әдістері қолданылды.

Жастардың мәселелері мен мүдделері

“Қазақстан жастары-2021” ұлттық баяндамасында алдағы 5 жылда жастардың құндылықтары өзгере қойматыны атап өтілген болатын. “Қазақстан жастары-2022” ұлттық баяндамасының мәліметіне сәйкес құндылықтар мен мүдделер аса өзгермегендігін баяндайды. Яғни, жастар үшін ең бірінші орында отбасы болса,

ары қарай денсаулық, достық, материалдық жағдай, махаббат, сүйікті жұмыс, мамандық, оқу-білім және дін маңызды болып саналады екен («Қазақстан жастары – 2021», «Қазақстан жастары – 2022» ұлттық баяндамасы, 2022). Ұлттық баяндамада World Value Survey 2018 жылы Қазақстанда жүргізген сауалнамасының нәтижелері әлі де өзекті екендігін жазады. Ол сауалнама бойынша жастардың саяси бағдарлары мен көзқарастарына мыналарды жатқызады: 1) экономиканы өсіру; 2) қорғаныс күштерін нығайту; 3) азаматтардың мемлекеттің өміріне үлкен ықпалы; 4) қалалар мен ауылдық жерлерді безендіру мен абаттандыру; 5) елдегі тәртіпті сақтау; 6) бағаның өсуіне қарсы күрес; 7) маңызды саяси шешімдер қабылдау кезінде азаматтарға дауыс беру құқығын ұсыну; т.б.

Жастардың проблемаларына келетін болсақ, жалпы өмірдің барлық сферасында проблемалары жеткілікі. Алайда басты проблемаларына: жұмыспен қамту мен тұрғын үй мәселелерін жатқызуға болады. Кейін репродукциялық денсаулық; білім беру ұйымдарын материалдық-техникалық және кадрлармен қамтамасыз ету; психологиялық күйзеліс, суицид, қаражат жетіспеушілігі, жұмыссыздық, тіл мәселесі, қауіпсіздік, есірткі сияқты мәселелер жатады.

Жалпы жастар үкіметтен жоғарыда аталған басты екі проблеманың шешілуінен үміт етеді, алайда билікке деген сенімсіздіктері бар.

Партия бағдарламаларына сандық талдау

2021 жылғы 10 қаңтарда өткен Қазақстан Парламентінің төменгі палатасы – Мәжіліс депутаттарын сайлау кезінде жалпы 5 партия қатысты. Олар Нұр Отан, Ақ жол, Ауыл, Адал және Қазақстан халық партиясы. 2021 жылы Парламентке өту шекті дауыс пайызы 7% болатын және оны игерген тек 3 партия депутаттары Мәжілістегі мандаттарға ие болды. Парламент сайлауы 2005 жылдан бері алғаш рет мерзімінен бұрын емес, Конституциялық мерзімде – өкілеттік мерзімі аяқталғанға дейін 2 ай бұрын өткен. Алғаш рет 2021 жылы сайлау тізімдерінде әйелдер мен жастарға 30% квота бөлініп, заң жүзінде бекітілген. 2022 жылы әйелдер мен жастардан бөлек, мүмкіндігі шектеулі жандар да осы 30% квотаның ішінде болуы керектігі бекітілді.

Партиялар жайлы қысқаша шолу жасайтын болсақ, Nur Otan – 1999 жылы “Отан” партиясы ретінде құрылып, 2006 жылы атауы “Нұр Отан” деп өзгертілді. Төрағасы – 1999 жылдан бастап 2022 жылға дейін Нұрсұлтан Назарбаев болды. 2022 жылы партия атауы “Amanat” болып өзгертілді.

“Ауыл” халықтық-демократиялық патриоттық партиясы – 2022 жылы ресми тіркеліп, 2003 жылы қайта тіркеуден өткен саяси партиясы болып табылады. Төрағасы – М.Ә.Оралов. 2021 жылғы сайлауда 5,29% дауыс жинап, Мәжіліске өтпей қалды. 2023 жылғы сайлауда 10,9% жинап, Парламенттегі 8 мандатты иеленіп отыр.

Жалпыұлттық социал-демократиялық партия – Қазақстандағы жалғыз оппозициялық партия деуге болады. 2006 жылы құрылып, әлі күнге дейін жұмыс жасап келеді. Оппозициялық партияның болуы-демократиялық елдің басты көрсеткішкерінің бірі болып табылады (Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясының (ЖСДП) бағдарламасы, 2023). Алайда, іс жүзінде нағыз демократиялық елге айналдық деуге әлі ерте. ЖСДП сайлау ережелерінде де құрамында да ешқандай өзгерістердің болмауына байланысты 2021 жылы өтетін сайлауға бойкот жариялап, қатысудан бас тартты.

Қазақстан халық партиясы-Қазақстандағы саяси партиялардың бірі. 2004 жылы алғаш тәркеліп, сол жылдан бастап 2020 жылға дейін “Қазақстан коммунистік халық партия” деп аталды. Кейіннен “коммунистік” деген сөз алынып тасталды. Қазіргі таңда Ермұхамет Ертісбаев партия төрағасы қызметін атқарып жүр. Партия құрамында мүше саны 100 мыңнан аса адамды құрайды. 2021 жылғы сайлау нәтижесінде 9,1% дауыс жинап, Парламенттегі 98 депутаттық орынның 10-ын иеленсе, 2023 жылы 6,8% жинап, 5 орын иеленген.

“Ақ жол” Қазақстанның демократиялық партиясы алғаш 2002 жылы құрылған болатын. Партия төрағасы-Азат Перуашев, мүшелер аны 255 мыңнан асады. Қазіргі таңда ҚР Парламенттегі 98 депутаттық мандаттың 6-ын иемденген («Ақ жол» Демократиялық партиясының саяси бағдарламасы, 2023).

2013 жылы “Әділет” және “Руханият” партиялары бірігіп, “Бірлік” партиясының құрылады. 2020 жылы 5 қараша партия атауы ресми “Адал” деп өзгертіледі (Tengrinews.kz, 2020). Адал партиясы сайлау нәтижесінде 3,57% дауыс жинап, Парламентке өтпей қалған еді. 2022 жылы 26 сәуірде Аманат партиясымен бірігіп, ресми түрде қызметін тоқтатты.

Жоғарыда аталған партияларға шолуға қоса кететін ақпарат – Amanat партиясы және жаңадан құрылған “Respublica” және “Байтақ” жасылдар партиясы жайлы. Amanat – Қазақстандағы ең ауқымды және пропрезиденттік саяси партия болып табылады. Алғашқы президент Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен 1999 жылы

“Отан” партиясы болып құрылып, 2006 жылдан 2022 жылға дейін “Нұр Отан” партиясы деп аталды. 2022 жылы президент Қ.К.Тоқаев партия атауын “Аманат” деп ауыстырып, өзі партия құрамынан шықты (Интерфакс, 2023). Партия төрағасы – Е.Ж.Қошанов болып табылады.

«Respublica» партиясы- 2023 жылы ресми тіркелген ең жас партия болып саналады. Бұл партия бизнесмендер партиясы деп те аталады, себебі оның құрамына көптеген кәсіпкерлер мен танымал тұлғалар кірді.

Қазақстанның «Байтақ» жасылдар партиясы Мәжіліске өту үшін шекті дауысты жинай алмады. Жалпы жас партиялардың бірі, себебі 2022 жылы құрылған болатын. Партия төрағасы ретінде Азаматхан Әміртай тағайындалған. Қазіргі таңда партияның 42 мыңнан аса мүшесі бар. ҚР Мәслихатында 25 депутат қызмет атқарады («Жастар– еліміздің болашағы», 2023).

Зерттеу партиялардың ресми сайтында жарияланған сайлау бағдарламаларына сандық анализ жүргізу арқылы жүргізілді. Яғни, әр партияның бағдарламаларының жалпы сөз саны анықталып, олардың ішінде “жастар” сөзі қанша рет атап өтілгені анықталды. 2021 және 2023 жылғы сайлауға қатысқан партиялардың бағдарламалары ресми сайттарында жарияланған. Бағдарламамен танысу кез келген азаматқа қол жетімді. Ескеретін мәлімет-анализ бағдарламалардың тек қазақ тіліндегі нұсқаларына жасалды.

2021 жылғы сайлауға түскен 5 партияның сайлауалды бағдарламаларына сандық талдау жүргізу нәтижесінде, Nur Otan партиясы “жастар” сөзін 18 рет, “Ақ жол” ҚДП 10 рет, Ауыл ХДПП 2 рет, ҚХП 11 рет қолданғандығы және Adal партиясы мүлдем қолданбағандығы анықталды (1-кесте).

Партиялардың арасында “жастар” сөзін ең көп қолданған Amanat партиясы екендігі анықталды. Amanat партиясының бағдарламасы еліміздің барлық азаматтарының мүдделері мен мәселелерін қамтығандығы байқалады. Балалардан бастап егде жастағы азаматтардың ауқымды мәселелері қамтылғанымен, тек үстіртін баяндалған. Бұл құжатта нақты “жастар” сөзі 21 рет аталған (2-кесте).

Ауыл партиясының бағдарламасы ауыл тұрғындары, ауылдық мекен, аграрлық шаруашылық, агробизнес сияқты салаларды дамыту көзделген. Алайда, партияның сайлауалды бағдарламасында “жастар” сөзі 2 рет аталғаны анықталды. Контекст бойынша “...жастар «ауыл» сөзін келешексіз, қалыпты өмір сүруге мүмкіндігі

жоқ жермен байланыстырады” және “ауыл тұрғыны, әсіресе әйелдер мен жастар үшін қалаға бару «барса келмеске» айналды”-делінген (18).

Яғни, жастардың ауылды қалай қабылдайтындығы жайлы айтылған. Бірақ жастардың проблемаларын шешуге бағытталмағандығы көрінеді.

1-кесте – 2021 жылғы сайлаудағы партиялардың сайлауалды бағдарламасындағы сөздер саны, оның ішінде “жастар” сөзінің саны

Партия атауы	Партия бағдарламасының атауы	Сөз саны	“Жастар” сөзінің саны
Nur Otan	Өзгерістер жолы: Әр азаматқа лайықты өмір!	5837	18
“Ақ жол” ҚДП	Түбегейлі өзгерістер қажет	6491	10
Ауыл ХДПП	Ауылдың үні естілсін!	849	2
ҚХП	Халық, жер және әділдік!	6588	11
Adal	Әділ әрі экономикасы мықты Қазақстан	2926	0

*Кестені автор құрастырған

2-кесте – 2023 жылғы сайлаудағы партиялардың сайлауалды бағдарламасындағы сөздер саны, оның ішінде “жастар” сөзінің саны

Партия атауы	Партия бағдарламасының атауы	Сөз саны	“Жастар” сөзінің саны
Amanat	“Халықпен бірге!”	6718	21
Ауыл ХДПП	“Қазақстанның азық-түлік қауіпсіздігіне негізделген даму курсы”	1006	2
“Ақ жол” ҚДП	Түбегейлі өзгерістер қажет	9147	6
ЖСДП	Социал-демократия – 21 ғасырдың жолы (ғасырдағы жол)	8355	6
ҚХП	Ел үшін! Жер үшін! Билік-халыққа!	8918	6
Respublica	Restart-Reforma-Respublica	4801	1
«Байтақ» жасылдар партиясы	Таза ниет, таза әрекет, саясаттағы тазалық	7170	1

*Кестені автор құрастырған

2021 және 2023 жылғы Парламент сайлау кезінде сайлауға түскен партиялардың сайлауалды бағдарламаларына жасалған сандық талдау нәтижесінде мынадай қорытынды жасауға болады. 2021 жылы басымдық танытқан Нұр Отан партиясының бағдарламасында “жастар” сөзі 18 рет қолданылса, 2023 жылы Аманат партиясында 21 рет қолданылған. Яғни, жастарға көбірек көңіл бөлінген. Ал “Ақ жол” және ҚХП партияларының бағдарламасында керісінше “жастар” сөзі шамамен 2 есе қысқарған. “Жастар” сөзін мүлдем қолданбаған Адал партиясы және 1 рет қолданған Байтақ жасылдар партиясы сайлауда жеңіліс тапты. Respublica партиясы да 1 рет қолданғанымен, құрамында жастар арасында атақты тұлғалардың болуымен біршама дауысқа ие болған деген қорытынды жасауға болады.

Партиялардың құжаттарындағы мәтінге сапалы талдау жасау барысында жастардың басты мүдделері мен мәселелері таңдап алынып, олардың қамтылғандығы немесе қамтылмағандығы анықталады.

Нұр Отан партиясының бағдарламасында жастарға арналған “Болашағына сенімді жастар” атты бөлігі бар. Ол жерде басты 4 салаға назар аудардырылған: білім, жұмыс, тұрғын үймен қамтамасыз ету және жастарды қоғамдық өмірге қатыстыру (3-кесте).

Ауыл партиясы жастарға қатысты тек білімге көңіл бөлген. Қалған мәселелер бойынша ақпарат жоқ.

Ақ жол ҚПД тұрғын-үй мәселесі, білім және жастардың шетелге кетіп, қайта елге оралмау мәселесі жайлы баяндайды.

3-кесте – Партия бағдарламаларындағы жастарға арналған іс-шаралар (2021 сайлау)

Іс-шаралар	Nur Otan	Ауыл ХДПП	“Ақ жол” ҚДП	ҚХП	Adal
Тұрғын үй мәселесі	+	-	+	+	-
Жұмыссыздықты азайту	+	-	-	+	-
Білім-ғылым	+	+	+	+	-
Денсаулық	-	-	-	+	-
Қауіпсіздік	-	-	-	-	-
Есірткі	-	-	-	-	-
“Ақылдың ағылуын” тоқтату	-	-	+	-	-

*Кестені автор құрастырған

Қазақстан халық партиясы тұрғын-үй, жұмыссыздықты азайту, білім және ғылым, сондай-ақ денсаулық мәселелерін шешу керектігін айтады.

Ал Адал партиясының бағдарламасында жастарға қатысты ешқандай ақпарат жоқ болып шықты. “Жастар” сөзінің қолданымағаны, сәйкесінше олардың мүдделері мен мәселелеріне мүлдем назар аударылмаған. Нәтижесінде, жастарға ең аз көңіл бөлген Ауыл және Адал партиялары сайлауда шекті балл жинай алмай, Парламентке өтпей қалды.

Аманат партиясының бағдарламасында жастардың сұранысына арналған “Жастармен бір толқында” атты жеке бөлім бар және ұлттық баяндамада келтірілген жастардың мәселелері

қамтылған. Тіпті, 106 мыңнан аса мүшесі бар “Жастар рухы” атты жастар қанаты бар (2023-2027 жылдарға «Халықпен бірге!» «Аманат» партиясының бағдарламасы, 2023). 2008-2022 жыл аралығында Нұр Отан партиясының “Жас Отан” жастар қанаты деп аталған. Жастарды толыққанды жұмыспен қамту, олардың өмір сүру жағдайын жақсарту аясында тұрғын үй-мен қамтамасыз ету практикасын әрі қарай жалғастырып, денсаулық, психикалық саулық, есірткі, қауіпсіздік сияқты мәселелеріне назар аударылатындығы баяндалған. Салыстырмалы түрде 2021 жылғы бағдарламаға қарағанда 2023 жылғы бағдарламада жастарға қатысты іс-шараларға көбірек мән берілгендігі байқалады (4-кесте).

4-кесте – Партия бағдарламаларындағы жастарға арналған іс-шаралар (2023 сайлау)

Іс-шаралар	Amanat	Ауыл ХДПП	“Ақ жол” ҚДП	ЖСДП	ҚХП	Respublica	Байтақ
Тұрғын үй мәселесі	+	-	+	+	+	-	-
Жұмыссыздықты азайту	+	-	-	+	+	+	-
Білім-ғылым	+	-	-	+	+	+	+
Денсаулық	+	-	-	-	-	-	-
Қауіпсіздік	+	-	-	-	-	-	-
Есірткі	+	-	-	-	-	-	-
“Ақылдың ағылуын” тоқтату	-	-	+	-	-	-	-

*Кестені автор құрастырған

Ауыл партиясының нақты 2023 жылғы сайлауалды бағдарламасында жастар және олардың мәселелерін қамтымаған. Алайда партияның ресми сайтында партия бағдарламаларының

ішінде жастарға арналған жеке бөлім бар. Оның ішінде жастардың басты мәселелерін шешуге бағытталған ұсыныстар көрсетілген. Сайлауалды бағдарлама негізінен басты ауқымды бағдарла-

маның қысқаша нұсқасы деп тұжырым жасауға болады. Алайда, халықтың басым көпшілігі партияны сайлар алдында партия бағдарламасын толық оқып отырмайды, тек сайлауалды бағдарламаға көз жүгіртіп өтеді. Сондықтан басты мәселелерді шешу туралы тұжырымдамаларды сайлауалды бағдарламаға қосқан жөн.

“Ақ жол” партиясының бағдарламасында жастар сөзі қолданылғанымен, нақты проблемаларды шешуге бағытталмаған. Тұрғын үймен қамтамасыз ету керектігі айтылғанымен, ауыл жастарының қалаға көшуі қолдау мақсатында ғана бұл шараны іске асыру көзделген. Сонымен қатар, елден жастардың шетелге кетіп, қайта оралмайтындығы, яғни “ақылдың ағылуына” қарсы жеке жүйелі бағдарлама жасау туралы ұсыныс білдірілген («Ақ жол» Демократиялық партиясының саяси бағдарламасыб 2023). Алайда, ақылдың ағылуына әсер ететін себептерге – төмен жалақы, тұрғын үйді сатып алу қиындықтары, жұмысқа түру қиындықтары, т.с.с. себептер жатады. Осы сияқты түрлі себептер жойылған жағдайда ғана салдары жойылады.

ЖСДП партиясында да жастарға арналған “Жастар-еліміздің болашағы!” атты бөлігі бар. Алайда, Аманат партиясымен салыстырғанда жастардың мәселелері толық қамтылмаған және атқарылатын іс-шаралар өте аз. Білім сапасын арттыру арқылы жастар арасында бәсекелестікті көтеру деген сияқты мақсаттар қойылған. Жұмыспен қамту мәселесінде нақты жұмыссыздықты азайту мақсаты көзделмеген, тек еңбек нарығында жасына қарай кемсіту және 18-ге толмаған жастардың еңбек жағдайына қойылатын талаптарды күшейту сияқты мақсаттар қамтылған. Жастардың ішінде жас отбасыларға арналған сапалы және қол жетімді баспана салу туралы жаңа бағдарламалар әзірлеу және іске қосу туралы жазылған.

Қазақстан халық партиясының бағдарламасы жастардың тұрғын үй мәселесін шешуге басымдық берген. Жастар мен жас отбасыларды қолдап, оларды тұрғын үймен қамтамасыз ету мақсатында жеке бағдарлама әзірлеуді ұсынады. Сонымен қатар, тұрғын үйлер сай болуы керек талаптар нақты қойылған. ҚХП бағдарламасы бойынша тұрғын үйлер сатып алу құқығы бойынша 14 жыл мерзімді жалға берілу, тиімді пайыздық мөлшерде ипотека арқылы сатып алу секілді санаттарға бөледі. Егер партия шынында осындай бағдарламаны іске асыратын болса, жастар мен жас отбасыларға тұрғын үй алу үшін өте жақсы мүмкіндік болар еді. Жұмыссыздықты азайту бойынша ауыр, зиянды немесе

қауіпті жұмыста істейтін жұмысшыларды 50-55 жаста зейнетке жіберу арқылы жұмыссыз жастарды жұмыспен қамтуға болады деген ұсыныс жасайды.

Жоғарыда аталғандай, ҚХП 2021 жылғы сайлау нәтижесінде 9,1% дауыс жинап, Парламенттегі 98 депутаттық орынның 10-ын иеленсе, 2023 жылы 6,8% жинап, 5 орын иеленген. Бағдарламаға жасалған талдау нәтижесімен сәйкестендіретін болсақ, “жастар” сөзі және оларға қатысты мәселелер 2 есе қысқартылған. Сәйкесінше, сайлау нәтижесі бойынша жинаған дауыстары да 2 есе қысқарғанын байқауға болады.

Respublica партиясында “жастар” сөзі 1 рет қана атап өтіледі, және ол жерде жұмыссыз жастардың 57%-ы техникалық және кәсіптік ұйымдардың түлектері екендігі айтылады. Сәйкесінше, техникалық және кәсіптік білім жүйесін жетілдіру арқылы жастардың кәсіби біліктілігін арттырып, жұмыссыздықты азайтуға алып келеді деген тұжырым жасауға болады (Restart, Reforma, Respublica Сайлауалды бағдарламасы, 2023). Республика партиясының “бақыт” және “бақытты” сөздерінің 20 рет қолданылуы халық арасында түсініспеушілік тудырды. Себебі, бақыт ұғымы әркімге әр түрлі түсінік береді. Аманат партиясының бағдарламасында 1 рет қана “Бақытты отбасы” жобасы туралы айтылғанда “бақытты” сөзі қолданылған. Ал қалған партиялардың ешқайсысында “бақыт” сөзі қолданылмаған. Яғни, Respublica партиясы және оның бағдарламасы қысқа уақытта дайындалған немесе эмоциялық тұрғыда халыққа оң әсер ету мақсатында “бақыт” сөзі көп қолданылған деген тұжырым жасауға болады. Себебі, адамдар шынында бақытты болғысы келеді, сәйкесінше халыққа эмоционалды тұрғыдан әсер етіп, олардың дауысына үміт артуы ықтимал.

Шекті пайызды жинай алмаған “Байтақ” жасылдар партиясының электораттық бағдарламасында “жастар” сөзі 1 рет қолданылғанымен, контексте балалар мен жастарды сынақтармен қалдырмай, оларға үлкен үміт артып қоюға болмайтындығы айтылған. Ал нақты олардың мәселелері және оларды шешу шаралары жайлы мүлдем жазылмаған.

2021 және 2023 жылғы Парламент сайлау кезінде сайлауға түскен партиялардың сайлауалды бағдарламаларына жасалған салыстырмалы талдау нәтижесінде мынадай қорытынды жасауға болады. 2021 жылы басымдық танытқан Нұр Отан партиясының бағдарламасында “жастар” сөзі 18 рет қолданылса, 2023 жылы Аманат партиясында 21 рет қолданылған. Яғни, жастарға

көбірек көңіл бөлінген. Ал “Ақ жол” және ҚХП партияларының бағдарламасында керісінше “жастар” сөзі шамамен 2 есе қысқарған.

Қорытынды

Зерттеу гипотезасына сәйкес 2021 және 2023 жылғы Қазақстан Республикасының Мәжісіне өткен партиялар ішінде Аманат (2022 жылға дейін «Нұр Отан») партиясынан басқа партиялар өздерінің сайлауалды бағдарламаларында жастардың мәселелерін шешуге фокус қоймаған деген қорытындыға келуге болады. Саяси процесстер, яғни сайлау кезінде жастардың мәселелері саяси партиялар тарапынан қолға алынып шешілмесе, жастар конструктивті емес жолмен, митингтер, көтерілістер арқылы өз мәселерін талап ету арқылы шешуге тырысады. Оның жарқын дәлелі Қаңтар уақиғасының орын алуы болып табылады. 2021 жылы Парламент сайлауына көңілі толмаған халықтың наразылығы 2022 жылы Қанды Қаңтардың бірден бір себебі. Себебі, ол кезде Нұр Отан партиясының төрағасы ҚР алғашқы президенті Нұрсұлтан Назарбаев болатын. 30 жыл бойы өзгермейтін жүйеден шаршаған халық “Шал кет!” ұранымен шеруге шыққан еді. Сол жылы Қаңтар оқиғасынан кейін Қ. Тоқаев партия төрағасы болып тағайындалып, Нұр Отан партиясына ребрендинг жасалып, атауы “Аманат” болып өзгертілді. Президент Қ. Тоқаев партия құрамынан шығып, төраға ретінде Ерлан Қошанов тағайындалды.

Жалпы, партиялар арасында тек Аманат партиясы жастардың басты мәселелерін атап өтіп, оларды шешу керектігін ескерген, бірақ барлық

мәселелерін жіті баяндамаған. Сондай-ақ, “жастар” сөзін көп қолданған жалғыз партия. 2021 жылғы сайлау бағдарламасына қарағанда “жастар” сөзі көбейіп, олардың мәселелері де көбірек аталып өтілген. Сонымен қатар, ҚХП партиялары жастарға фокус қояды. Олардың мәселелерін көп қамтыған Аманат партиясы болса, ҚХП партиясы жастардың басты 2 проблемасын шешу бойынша нақты қадамдар ұсынған. Ал қалған партиялар декларативтік сипаттағы шараларды ұсынады.

Аманат партиясы Қазақстандағы ең ауқымды партия және 2023 жылы 19 наурызда парламент депутаттарын сайлау нәтижесінде 98 орынның 62 орынын, яғни 63%-ын Аманат партиясының атынан сайланған депутаттар алып отыр. Партияның бағдарламасын зерттеу нәтижесінде Қазақстандағы әлеуметтік және саяси мәселелерді қамтып қана қоймай, барлық жас категориясының мәселерін шолып өткен. Өткен және соңғы сайлауларда көп дауыс иеленуінің бір себебі осы секілді.

Алайда жастар өздерінің басты проблемаларын шешу үшін нақты қадамдар ұсынылмағандықтан сайлауға барудың еш негізін көрмейді. Сөйкесінше, жастар сайлауға қатыспаса, үкімет тарапынан жастардың мүдделері қорғалмайды. Мүдделері қорғалмай, мәселелері шешілмесе жастардың билікке деген сенімі жоғалады. Билікке сенбеген қоғамның арасында наразылық туып, мемлекеттегі саяси жүйенің құлдырауына алып келеді. Қазіргі жастар – мемлекеттің басты дамытушы және қозғаушы күші болғандықтан, олардың жағдайын жасауға көп мән берілу керек.

Әдебиеттер

- Демографические изменения // Организация Объединенных Наций URL: <https://www.un.org/ru/un75/shifting-demographics> (қаралған күні: 21.11.2023)
- «Саяси партиялар туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 15 шілдедегі № 344-ІІ Заңы (2023.01.05. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен) https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=51032141#activate_doc=2
- 2023 жылғы мәжіліс сайлауының ресми нәтижесі: Қай партия қанша пайыз дауыс жинады? // Informburo.kz URL: <https://informburo.kz/kaz/newskaz/2023-zylgy-mazilis-sailaunyn-resmi-natizesi-qai-partiya-qansa-paiyz-dauys-zinady> (қаралған күні: 25.12.2023)
- Powell N. Political reforms continue in Kazakhstan // EU Reporter URL: <https://www.eureporter.co/kazakhstan-2/2023/08/28/political-reforms-continue-in-kazakhstan/> (қаралған күні: 02.12.2023)
- Schlesinger, J., Schlesinger, M. Maurice Duverger and the Study of Political Parties. Fr Polit 4, 2006. 58–68 p. <https://doi.org/10.1057/palgrave.fp.8200085>
- Sartori G. Parties and Party Systems. – 3 изд. – ECPR Press, 2016. – 368 p.
- Katz R.S.6 Maier P. The Evolution of Party Organizations in Europe: The Three Faces of Party Organization. – Vol. 14 изд. – Winter, 1993. – 59-61 p.
- Morlino L. Anchors and Democratic Change. – Vol. 38 No. 7 изд. – Comparative Political Studies, September 2005. – 743-770 p.

Mycock A., Tonge J. The Party Politics of Youth Citizenship and Democratic Engagement // Parliamentary Affairs Advance Access. – 2011. – №65(1). – P. 138-161 URL:https://www.researchgate.net/publication/270785607_The_Party_Politics_of_Youth_Citizenship_and_Democratic_Engagement

Асылєв К.Ж. Политические партии современного Казахстана/ Под общей редакцией З.К. Шауєеновой, А.С. Жолдыбалыной. – Астана: КИСИ при Президенте РК, 2018. – 206 стр. <https://kisi.kz/wp-content/uploads/2023/06/partii.pdf>

Современные избирательные системы. Вып. 18: Венгрия, Казахстан, Тунис / А.Н. Бурова, С.В. Вєдьяшкин, А.А. Макареєв, Д.В. Сєнникова, Э.С. Юсубов; науч. ред. А.А. Автономов, В.И. Лысенко. – М.: РЦИОИТ, 2023. – 496, стр. https://www.rcoit.ru/upload/iblock/e81/23ejosaj9afw2y9jizhowuc28xhtvaf8/Izb_system2023_18.pdf

«Қазақстан жастары – 2021», «Қазақстан жастары – 2022» ұлттық баяндамасы // Eljastary.kz URL: <https://eljastary.kz/ru/reports/18762/>

Жалыпұлтық социал-демократиялық партиясының (ЖСДП) бағдарламасы // Жалыпұлтық социал-демократиялық партия URL: <https://osdp.kz/kz/programma> (қаралған күні: 15.12.2023)

«Ақ жол» Демократиялық партиясының саяси бағдарламасы // Ақ Жол Demokratialyq partiasy URL: <https://akzhol.kz/kk/about-party> (қаралған күні: 20.12.2023)

Казахстанская партия «Бірлік» получила новое название // Tengrinews.kz URL: https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/kazahstanskaya-partiya-brlik-poluchila-novoe-nazvanie-419271/ (қаралған күні: 03.01.2024)

Полномочия главы правящей партии Казахстана могут перейти от Назарбаєва к Токаєву // Интерфакс URL: <https://www.interfax.ru/world/818654> (қаралған күні: 20.12.2023)

Партия туралы // Baitaq Jasyldar partiasy URL: <https://baitaq.kz/kk/about-kz/> (қаралған күні: 25.12.2023)

«Жастар – еліміздің болашағы» // Ауыл URL: <https://auyl.kz/project/12/> (қаралған күні: 29.12.2023)

2023–2027 жылдарға «Халықпен бірге!» «Аманат» партиясының бағдарламасы // Amanat URL: <https://amanat2023.kz/kk/programs> (қаралған күні: 29.12.2023)

Түбегейлі өзгерістер қажет «Ақ жол» Демократиялық партиясының саяси бағдарламасы // Ақ Жол Demokratialyq partiasy URL: <https://akzhol.kz/kk/about-party> (қаралған күні: 25.12.2023)

Restart, Reforma, Respublica Сайлауалды бағдарлама 2023 // Respublica URL: <https://respublica-partiyasy.kz/doc/kz> (қаралған күні: 26.12.2023)

References

Demograficheskie izmeneniya // Organizaciya Ob”edinennyh Nacii URL: <https://www.un.org/ru/un75/shifting-demographics> (accessed: 21.11.2023) (Demographic changes) (In Russian)

«Saiasi partialar turaly» Qazaqstan Respublikasynyñ 2002 jylǵy 15 şildeдегі № 344-II Zañy (2023.01.05. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен) https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=51032141#activate_doc (Law of the Republic of Kazakhstan dated July 15, 2002 No. 344-II “on political parties”) (In Kazakh)

2023 jylǵy májilis sailaunyñ resmi nátijesi: Qai partia qanşa paıyz dauys jinady? // Informburo.kz URL: <https://informburo.kz/kaz/newskaz/2023-zylgy-mazilis-sailaunyn-resmi-natizesi-qai-partiya-qansa-paıyz-dauys-zinady> (accessed: 25.12.2023) (Official result of the 2023 Mazhilis elections: what percentage of votes did which party get?) (In Kazakh)

Powell N. Political reforms continue in Kazakhstan // EU Reporter URL: <https://www.eureporter.co/kazakhstan-2/2023/08/28/political-reforms-continue-in-kazakhstan/> (accessed: 02.12.2023)

Schlesinger, J., Schlesinger, M. Maurice Duverger and the Study of Political Parties. Fr Polit 4, 2006, p. 58–68. <https://doi.org/10.1057/palgrave.fp.8200085>

Sartori G. Parties and Party Systems. – 3 Vol. – ECPR Press, 2016. – 368 p.

Katz R.S.6 Maier P. The Evolution of Party Organizations in Europe: The Three Faces of Party Organization. – Vol. 14 изд. – Winter, 1993. – 593-61 p.

Morlino L. Anchors and Democratic Change. – Vol. 38 No. 7 изд. – Comparative Political Studies, September 2005. – 743-770 p.

Mycock A., Tonge J. The Party Politics of Youth Citizenship and Democratic Engagement // Parliamentary Affairs Advance Access. – 2011. – №65(1). – P. 138-161 URL:https://www.researchgate.net/publication/270785607_The_Party_Politics_of_Youth_Citizenship_and_Democratic_Engagement

Asylov K.ZH. Politicheskie partii sovremennogo Kazahstana/ Pod obshchej redakciej Z.K. SHaukenovoj, A.S. Zholdybalinoj. – Astana: KISI pri Prezidente RK, 2018. – 206 str. <https://kisi.kz/wp-content/uploads/2023/06/partii.pdf> (Political parties of contemporary Kazakhstan) (In Russian)

Burova A.N., Vedyashkin S.V., Makarcev A.A., Sennikova D.V., Yusubov E.S. науч. ред. А.А. Автономов, В.И. Лысенко. Sovremennye izbiratel’nye sistemy. Vyp. 18: Vengriya, Kazahstan, Tunis / – М.: RCOIT, 2023. – 496 p. https://www.rcoit.ru/upload/iblock/e81/23ejosaj9afw2y9jizhowuc28xhtvaf8/Izb_system2023_18.pdf (Contemporary electoral systems) (In Russian)

«Qazaqstan jastary – 2021», «Qazaqstan jastary – 2022» ұлттық байандамасы // Eljastary.kz URL: <https://eljastary.kz/ru/reports/18762/> (National report “Youth of Kazakhstan – 2021”, “Youth of Kazakhstan – 2022”) (In Kazakh)

Jalypúltyq sosial-demokratialyq partiasynyñ (JSDP) baǵdarlamasy // Jalypúltyq sosial-demokratialyq partia URL: <https://osdp.kz/kz/programma> (accessed: 15.12.2023) (The program of the National Social Democratic Party) (In Kazakh)

«Ақ жол» Demokratialyq partiasynyñ saiasi baǵdarlamasy // Ақ Жол Demokratialyq partiasy URL: <https://akzhol.kz/kk/about-party> (accessed: 20.12.2023) (The program of the political party «Ақ жол») (In Kazakh)

Kazahstanskaya partiya “Birlik” poluchila novoe nazvanie // Tengrinews.kz URL: https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/kazahstanskaya-partiya-brlk-poluchila-novoe-nazvanie-419271/ (accessed: 03.01.2024) (The Kazakh «Birlik» party has received a new name) (In Russian)

Polnomochiya glavy pravyyashchej partii Kazahstana mogut perejti ot Nazarbaeva k Tokaevu // Interfax URL: <https://www.interfax.ru/world/818654> (accessed: 20.12.2023) (The powers of the head of the ruling party of Kazakhstan may be transferred from Nazarbayev to Tokayev) (In Russian)

Partia turaly // Baitaq Jasyldar partiasy URL: <https://baitaq.kz/kk/about-kz/> (accessed: 25.12.2023) (About party) (In Kazakh)
«Jastar– elimizdiñ bolaşaǵy» // Auyl URL: <https://auyl.kz/project/12/> (accessed: 29.12.2023) («Youth is the future of the country») (In Kazakh)

2023-2027 jyldarǵa «Halyqpen birge!» «Amanat» partiasynyñ baǵdarlamasy // Amanat URL: <https://amanat2023.kz/kk/programs> (accessed: 29.12.2023) (Program of the “Amanat” party for 2023-2027 “Together with the people!”) (In Kazakh)

Tübegeili özgerister qajet «Aq jol» Demokratialyq partiasynyñ saiasi baǵdarlamasy // Aq Jol Demokratialyq partiasy URL: <https://akzhol.kz/kk/about-party> (accessed: 25.12.2023) (The political program of the Democratic Party “Ak Jol” needs radical changes) (In Kazakh)

Restart, Reforma, Respublica Sailaualdy baǵdarlama 2023 // Respublica URL: <https://respublica-partiyasy.kz/doc/kz> (accessed: 26.12.2023) (Restart, Reforma, Respublica Election program 2023) (In Kazakh)

Авторлар туралы мәлімет:

Әлішерова Айгерім Бақытжанқызы (корреспондент автор) – Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ саясаттану және саяси технологиялар кафедрасының докторанты (Алматы қ., Қазақстан, эл.пошта: alisherovva@gmail.com)

Төлен Жеңісбек Мұратбекұлы – «Тұран» университеті «Аймақтану және халықаралық қатынастар» кафедрасының қауымдастырылған профессоры (Алматы қ., Қазақстан, эл.пошта: tolen.zh.kz@gmail.com)

Курпебаева Газиза Кабыловна – PhD, Абылай хан атындағы қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің оқытушысы (Алматы қ., Қазақстан, эл.пошта: e-mail: gaziza-k@mail.ru)

Information about authors:

Alisherova Aigerim Bakytzhankyzy (corresponding author) – PhD student of Political Science and Political technologies Department of Al-Farabi KazNU (Almaty, Kazakhstan, email: alisherovva@gmail.com)

Zhengisbek Tolen Muratbekuly – associate Professor at the Department of Regional Studies and International Relations at Turan University (Almaty, Kazakhstan. email: tolen.zh.kz@gmail.com)

Kurpebayeva Gaziza Kabylovna, PhD, Kazakh Lecturer at the Ablai khan University of International Relations and World Languages (Almaty, Kazakhstan. email: gaziza-k@mail.ru)

Келін түсті: 20 қыркүйек, 2024 жыл

Қабылданды: 20 қазан 2024 жыл